# Әлеуметтік педагогтың жұмыс есебі 2022-2023

**№3 «Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.**

**2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік педагогтың атқарған жұмысының есебі.**

Мектепте тамыз айының бекітілген өндірістік бұйрыққа сай мектеп әдістемелік бірлестік отырысында қаралып бекітілген әлеуметтік педагогтың жоспары бойынша келесі жұмыстар атқарылды.

2022-2023 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын дайындалып бекітілді. Жылдық жоспар негізінде айлық, апталық жоспарлар жасалып, жоспар бойынша төмендегі жұмыстар жасалды.Қыркүйек айында мектеп оқушыларының әлеуметтік төлқұжаттары сынып жетешілермен бірігіп жасалынды.2023 жылдың 1 қыркүйегінен көпбалалы және аз қамтылған отбасындағы балалар толық ыстық тамақпен қамтылды 5-11сынып аралығында 35 оқушы ыстық тамақпен қамтамасыз етілді. Ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі жасалып бекітілді. Оқушылардың күнделікті тамақ ішуін мектеп медбикесі Г.Досбаева және әлеуметтік педагог С.Салимбаев бақылап отырамыз. Оқушылардың жеке құжаттарымен танысып, әр түрлі жағдайына қарай тізімін жасалынды. Көпбалалы, тұрмыс жағдайы төмен, сәтсіз отбасы,көп балала оқушылардың әлеуметтік төлқұжатты жасалынды. Мектеп бойынша баланың жалпы саны 545 Толық отбасылар 523,толық емес отбасылар 25,көп балалы отбасы 150,аз қамтамасыз етілген отбасы балалар 20, Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар жоқ, Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар 2.

Мектебімізде 2023-2024 жылы «Мектепке жол » қайырымдылық акциясы өткізілді. Акцияны өткізу барысында іс-шара жоспары жасалып, бекітілді. Акцияның мақсаты - оқумен қамтылмаған мектеп жасындағы балаларды анықтау, сондай-ақ материалдық көмекке мұқтаж толық емес отбасылар,көп балалы отбасы ,аз қамтамасыз етілген отбасы балалар. «Мектепке жол » қайырымдылық акциясына демеушілер тарапынан 40 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді. АӘК алатын отбасы балаларына мемлекет тарапынан 16 балаға 40000 теңгеден мектеп формасына қаржы көмек берілді. Желтоқсан айында Қайырымдылық акциясын откіздік Мектеп ұжымы ұйымдастыруымен 25 оқушыға жаңа жылдық дастархан жайылды сыйлықтармен қамтылды.

Мектеп директоры: Н.Касымбекова

Әлеуметтік педагог: С.Салимбаев